



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# САЛАЛЫҚ КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Кәсіпорындар пікіртерімінің нәтижелері

(салалар: тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сауда, көлік және қойма,  
ауыл шаруашылығы)

2023 жылғы I тоқсан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
Ақша - кредит саясаты департаменті

## Жалпы ақпарат

### I. Экономикалық жағдайларды бағалау:

- саладағы бәсекелестік (4 бет)
- инвестициялық белсенділік жағдайы (5 бет)
- валюта бағамының әсері (6 бет)
- кредиттеу шарттары (7-8 бет)

### II. Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау

- сұраныс пен бағаларға шолу (9 бет)
- өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі (10 бет)
- кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері (11-13 бет)
- саладағы борыштық ауыртпалық (14 бет)
- еңбекақы мен жұмыспен қамту (15 бет)

## Қорытынды

**Пікіртерім жөніндегі мәлімет**


Пікіртерім мақсаты	➤ Салалардағы бизнес конъюнктурасындағы негізгі үрдістерді анықтау
Респонденттер	➤ Кәсіпорындардың басшылары, қаржы бөлімдерінің қызметкерлері
Пікіртерім әдісі	➤ Сауалнама
Пікіртерім жүргізу кезеңі	➤ 2023 жылғы 1-тоқсан
Мониторингке қатысушы кәсіпорындар саны	➤ 3366

**Іріктеме туралы мәлімет**

Тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 208
Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 735
Құрылыс кәсіпорындары	➤ 325
Сауда саласының кәсіпорындары	➤ 953
Көлік және қоймада сақтау кәсіпорындары	➤ 268
Ауыл шаруашылығы	➤ 200

**Іріктеме бойынша кәсіпорындардың барлығы** ➤ **2689**

1-график. Ірі және орта кәсіпорындардың үлесі, %



**Тау-кен өндіру өнеркәсібі** бойынша іріктеме негізінен ірі және орта кәсіпорындармен (64,9%) ұсынылған, олардың ішінде ең көп үлес мұнай мен табиғи газды, металл кендерін өндіру кәсіпорындарына, сондай-ақ салада техникалық қызмет көрсететін кәсіпорындарға тиесілі.

**Өңдеу өнеркәсібіндегі** ірі және орта кәсіпорындар салада пікіртерімге қатысқан кәсіпорындардың жалпы санының 61,1%-ын құрайды. Салада ең үлкен көлемді металлургия өнеркәсібі кәсіпорындары өндіреді.

**Құрылыс пен ауыл шаруашылығында** да ірі және орта кәсіпорындар басым (тиісінше 59,7% және 59,5%).

**Көлік пен қоймада сақтауда** іріктеменің жартысына жуығы ірі және орта кәсіпорындардан (48,5%) тұрады, олардың көпшілігі мұнай мен мұнай өнімдерін магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау қызметтерін көрсетеді. Олардың ішінде табиғи монополиялар субъектілерінің тізілімінен көптеген кәсіпорындар бар.


**Саудада** іріктемедегі ірі және орта кәсіпорындардың үлесі, жалпы жиынтықта сияқты, жоғары емес (23,1%).

2023 жылғы 1-тоқсанда бәсекелестік маңыздылығы барлық салада артты.

**Сауда** нарықтық бәсекелестік мейлінше әсер ететін сала болып қалуда, мұнда кәсіпорындардың 39,9%-ы оның өз бизнесіне әсерін сезінеді.

**Өңдеу өнеркәсібінде** мұндай кәсіпорындардың үлесі 35,6%-ға жетті, **көлікте және қоймада сақтауда** – 27,6%, **құрылыста** – 23,7%. Ең аз үлес **ауыл шаруашылығы мен тау-кен өндіру өнеркәсібінде** байқалды (тиісінше 20,0% және 15,4%).


2-график. Нарықтық бәсекелестікті кедергі ретінде көрсеткен кәсіпорындардың үлесі, %



### 3-график. Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділіктерін шектеуші факторлар, %



### 4-график. Кәсіпорындардың келесі 12 айдағы инвестициялау деңгейінің өзгерісі бойынша күтулері, %




2023 жылғы 1-тоқсанда, көптеген кәсіпорындардың пікірі бойынша, **Қазақстан экономикасының жай-күйі** бизнесті жүргізудегі басты кедергі болды.

Сауда, өңдеу өнеркәсібі, сондай-ақ көлік және қоймада сақтау кәсіпорындары үшін **бәсекелестік пен экономиканың жай-күйі** бастысы болып табылады. Тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарына **экономиканың жай-күйі және салық ауыртпалығының деңгейі**, ауыл шаруашылығы мен құрылысқа - **экономиканың жай-күйі және білікті кадрлардың жетіспеушілігі** негізгі кедергілері болып табылады. Келесі 12 айда барлық салалар бойынша қаржыландыру негізінен бұрынғы көлемде сақталады, бұл ретте қаржыландырудың ең көп ұлғаюы ауыл шаруашылығында, сондай-ақ көлік пен қоймада сақтауда жоспарлануда. Инвестициялардың ең көп қысқаруы тау-кен өнеркәсібі мен құрылыста, ең азы - саудада күтілуде. Көлік пен қоймада сақтауда н, сондай-ақ ауыл шаруашылығынан басқа, барлық қарастырылып отырған салаларда инвестицияларын қысқартуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі оларды ұлғайтуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесінен көп.

**Кәсіпорындардың меншікті қаражаты** бұрынғыдай қаржыландырудың негізгі көзі болуда.


**5-график. Есеп айырысуда шетел валютасын қолдану (кәсіпорындардың үлесі, %)**




Шетелдік әріптестермен есеп айырысуда пайдаланылатын негізгі валюталар Ресей рублі мен АҚШ доллары болып қалып отыр. Ресей рублі тау-кен өндіру өнеркәсібінен (АҚШ доллары басым) басқа барлық салаларда басым.

2023 жылғы 1-тоқсандағы есептеулерде теңгені өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары көбірек пайдаланды – 19,6%.

**6-график. Теңгенің Ресей рубліне қатысты бағамы өзгеруінің кәсіпорын қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ\*)**




**7-график. Теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы өзгеруінің кәсіпорындар қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ\*)**




2023 жылғы 1-тоқсанда теңгенің **Ресей рубліне** қатысты бағамы өзгеруінің теріс әсері жалпы экономика бойынша барлық саладағы кәсіпорындар үшін **төмендеді** (ДИ 40,5 болды). Теңгенің **АҚШ долларына** қатысты бағамы өзгеруінің теріс әсері барлық саладағы кәсіпорындар үшін **де төмендеді** (ДИ 38,1 болды).

\* ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді

**8-график. Банктік кредиттеудің шарттары тиімсіз болған кәсіпорындардың үлесі, %**



**9-график. 2023 жылғы 1-тоқсанда және 2023 жылғы 2-тоқсанда кредиталуға ниетті кәсіпорындар, %**



**1-кесте. Кредиттеудің орташа мөлшерлемесі, %**

	Теңгемен		Шетел валютасымен	
	нақты	қол жетімді	нақты	қол жетімді
Кен өндіру өнеркәсібі	18,6	5,0	6,6	2,0
Өңдеу өнеркәсібі	15,6	6,1	5,2	3,0
Құрылыс	18,0	6,8	5,0	2,7
Сауда	17,2	7,9	5,0	3,2
Көлік және қойма	18,3	6,3	7,4	2,9
Ауыл шаруашылығы	14,8	7,0	6,0	2,9


2023 жылғы 1-тоқсанда ауыл шаруашылығынан, сондай-ақ көлік пен қоймада сақтаудан басқа барлық сала бойынша банктік кредиттеу шарттары тиімсіз болған кәсіпорындардың үлесі ұлғайды. Кредиттеу шарттары тиімсіз болған кәсіпорындардың ең көп саны ауыл шаруашылығы саласына (15,5%), ал ең аз саны көлік пен қоймада сақтау саласына (11,9%) тиесілі.

Теңгемен алынған кредиттер бойынша ең жоғары пайыздық мөлшерлеме (18,6% және 18,3%) тау-кен өндіру өнеркәсібі саласында, сондай-ақ көлік пен қоймада сақтау саласында, шетел валютасымен алынған кредиттер бойынша ең жоғары пайыздық мөлшерлеме көлік пен қоймада сақтау саласында (7,4%) белгіленді. 2023 жылғы 2-тоқсанда кредит алуды көздеген кәсіпорындардың ең көп үлесі өңдеу өнеркәсібі мен саудаға (тиісінше 25,4% және 16,7%), ең аз үлесі көлік пен қоймада сақтау саласына (7,5%) тиесілі.


10-график. Орташа\* өлшемді кредиттік жүктеме\*\*,%,



11-график. Банк кредиттері бойынша мерзімі өткен\*\*\* қарызы бар кәсіпорындардың үлесі, %



12-график. Кредит алуға берілген өтініштерді қарау нәтижесі, саны



2023 жылғы 1-тоқсанда өңдеу өнеркәсібі мен құрылыс саласындағы орташа өлшемді кредиттік жүктеме басқа салаларға қарағанда жоғары болды. Бұл көрсеткіштің ең төменгі мәні ауыл шаруашылығы саласында (10,0%) белгіленді.

Банктердің қарыздары бойынша мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындардың үлесі ауыл шаруашылығы, өңдеу және тау-кен өнеркәсібі салаларында ғана артты.

2023 жылғы 1-тоқсанда құрылысты, көлік пен қоймада сақтауды қоспағанда, қаралып отырған салаларды іріктеуде барлық сала бойынша 19 кәсіпорынға кредит берілмеді.

\*Орташа салмақтанған мән - бұл жауаптар үлесі бойынша салмақтанған интервалдың орташа мәні


\*\* Ай сайынғы төлем / өнімді сатудан түскен кіріс \* 100

\*\*\* 90 күннен астам




# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Сұраныс және бағаларға шолу


13-график. Тау-кен өндіру өнеркәсібі, ДИ\*




14-график. Өңдеу өнеркәсібі, ДИ




15-график. Құрылыс, ДИ




16-график. Сауда, ДИ



17-график. Көлік және қоймада сақтау, ДИ



18-график. Ауыл шаруашылығы, ДИ



— Сұраныс

—

— Дайын өнім бағасы

— Шикізаттар бағасы

2023 жылғы 1-тоқсанда ауыл шаруашылығын қоспағанда, барлық салада **дайын өнімге сұраныспен** ахуал шамалы жақсарғаны аталды. Ауыл шаруашылығындағы сұраныс көрсеткіштері теріс аймақта тұр. 2023 жылғы 2-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа барлық салада сұранысқа қатысты ахуалдың жақсаратыны күтілуде (шамалы баяулауы).

2023 жылғы 1-тоқсанда **шикізат пен материалдар бағасының** өсу қарқыны баяулағаны барлық салада аталды. Тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа барлық салада дайын өнімнің бағасы өсуі баяулады. 2023 жылғы 2-тоқсанда ауыл шаруашылығы саласындағы **дайын өнімнің бағасын** қоспағанда, **шикізат пен материалдар және дайын өнімнің бағасы** өсуінің қарқыны бәсеңдейді деп күтілуде.


\*ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді

\*\* 2023 жылғы 2-тоқсандағы кәсіпорындардың күтулері келтірілген.

# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау:

## Өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі

19-график. Салалар бойынша өндірістік қуаттардың орташа мөлшерленген жүктемесі\*, %




2023 жылғы 1-тоқсанда қарастырылып отырған алты салада орташа өлшемді **өндірістік қуаттың жүктемесі (ӨҚЖ)** деңгейі артты.

Ең жақсы ахуал, тау-кен өндіру өнеркәсібінде, мұнда ең жоғары ӨҚЖ (**ӨҚЖ >= 90%**) бар кәсіпорындардың үлесі басқа салаларға қарағанда көбірек, ал **ӨҚЖ <= 50%** бар кәсіпорындардың үлесі басқаларға қарағанда аз.

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде ӨҚЖ ең жоғары деңгейде (61,2%).

20-график. Өндірістік қуат жүктемесінің 2023 жылғы 1-тоқсандағы деңгейі, кәсіпорындар үлесі %-бен



\* Орташа мөлшерленген өлшем – өндірістік қуаттар жүктемесінің деңгейі туралы сұраққа берілген жауаптар үлесі бойынша мөлшерленген аралықтың орташа мәні.

# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау:

## Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері

2-кесте. Негізгі көрсеткіштердің медианалақ мәні\*

	АӨК	ЖТҚК	ААК	СР**	ӨҚК	ААҚУ, %
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	1,45	1,52	0,15	45,3	0,50	52,4
Өңдеу өнеркәсібі	1,48	1,48	0,22	22,0	0,38	64,6
Құрылыс	1,05	1,09	0,14	17,4	0,18	68,0
Сауда	1,19	1,24	0,34	21,4	0,24	81,8
Көлік және қойма	1,18	1,49	0,17	29,0	0,46	36,9
Ауыл шаруашылығы	1,56	1,47	0,09	21,5	0,47	33,5

Кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері 2023 жылғы 1 тоқсанда мынадай болып қалыптасты:

- ауыл шаруашылығы кәсіпорындары ең жоғары өтімділікке ие (**КТЛ=1,56**);
- тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындары барынша төлемге қабілетті (**КОП=1,52**);
- саудада іскерлік белсенділік басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары (**КОА=0,34**);
- тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары ең тиімді болып қалуда (**РП=45,3%**), рентабельділігі аз – құрылыс саласы (**РП=17,4%**);
- тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарының меншікті қаражаты есебінен инвестицияларды қаржыландыру мүмкіндігі басқа салаларға қарағанда жоғары (**КС=0,50**);
- сауда кәсіпорындары активтерінің басым бөлігі айналым қаражаты болып табылады (**ДОСА=81,8%**).

3-кесте. Қаржылық көрсеткіштердің сипаттамалары


	Есептеу формуласы	Қысқаша сипаттама
АӨК (ағымдағы өтімділік коэффициенті)	Ағымдағы активтер/Қысқа мерзімді міндеттемелер	Компанияның ағымдағы міндеттемелерді (қысқа мерзімді) айналым активтері есебінен ғана өтеу қабілеттілігін сипаттайды. Көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, кәсіпорынның төлем жасауға қабілеттілігі солғұрлым жақсы болады.
ЖТҚК (жалпы төлем қабілеттілік коэффициенті)	Активтер/Міндеттемелер	Кәсіпорынның барлық міндеттемесін (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) оның барлық активімен өтеу қабілеттілігін көрсетеді.
ААК (активтердің айналымдылық коэф-і)	ӨСТ/Активтер <i>ӨСТ – өнімді сатудан түскен түсім</i>	Активтерді пайдалану қарқындылығын (айналым жылдамдығын) көрсетеді. Кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің көрсеткіштері ретінде пайдаланылады.
СР (сату рентабельділігі)	(ӨСТ-ӨӨҚ)/ӨСТ <i>ӨӨҚ – өнімнің өзіндік құны</i>	Ұйым түсімінің қандай бөлігі пайданы (салық салынғанға дейінгі) құрайтынын көрсететін ұйым қызметінің қаржылық нәтижелілігінің көрсеткіші
ӨҚК (өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті)	МК/(МК+Міндеттемелер) <i>МК – меншікті капитал</i>	Меншікті инвестициялық қаражаттың инвестициялауға қажетті жалпы қаражатқа қатынасы
ААҚУ (активтегі айналым қаражатының үлесі)	Қысқа мерзімді активтер/Активтер*100	Баланстың жалпы өтімділігін бағалауға мүмкіндік береді

\*Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген


\*\* Пайыздар, салықтар және амортизация төлемдері бойынша шығыстар шегерілгенге дейінгі сату рентабельділігі

# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


21-график. Ағымдағы өтімділік коэффициентінің динамикасы (АӨК)




23-график. Өзін-өзі қаржыландыру коэффициентінің динамикасы (ӨҚК)



22-график. Активтер айналымдылығы коэффициентінің динамикасы (ААК)



24-график. Жалпы төлем қабілеттілік коэффициентінің динамикасы (ЖТҚК)



— Кен өндіру өнеркәсібі — Өңдеу өнеркәсібі — Құрылыс — Сауда — Көлік және қойма — Ауыл шаруашылығы

2023 жылғы 1-тоқсанда ауыл шаруашылығы және сауда салаларында кәсіпорындардың **өзінің қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу** қабілеті **жақсарды** (КТЛ ұлғайды). Барлық салаларда іскерлік белсенділіктің төмендеуі байқалады (КОА төмендеді).


Өз қаражаты есебінен инвестицияларды қаржыландыру мүмкіндігі өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сондай-ақ көлік және қоймада сақтау салаларында төмендеді. Кәсіпорындардың жалпы төлем қабілеттілігі (КОП) өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығында артты, ал құрылыс пен саудада бұрынғы деңгейде қалды. КОП-тың ең үлкен мәні тау-кен өнеркәсібінде байқалды (КОП=1,52).

\* Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген


\*\* Қаржылық көрсеткіштердің есептеу формулалары мен сипаттаулары 3-кестеде келтірілген (12-бет)

# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


25-график. Сатудың орташа рентабельділігі\*, %



26-график. Сату рентабельділігінің динамикасы\*, %



27-график. Қаржылық жылды пайдамен/шығынмен аяқтауды болжайтын кәсіпорындардың үлесі, %



2023 жылғы 1-тоқсанда **сату рентабельділігі** (салық салынғанға дейін және пайыздар мен амортизацияны төлеу бойынша шығысты шегергенге дейін) өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығынан басқа барлық салаларда артты. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде сату рентабельділігі басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары.

Қаржы жылын **шығынмен** жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі көлік және қоймада сақтауда (13,1%) жоғары.

Қаржы жылын пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың ішінде өңдеу өнеркәсібі (50,2%) мен сауда (48,4%) салаларында ең оптимистік бағалау бар.

Қарастырылып отырған барлық салаларда жылды пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі бұл жылды шығынмен аяқтауды күтетіндерге қарағанда көбірек.


\* Орташа арифметикалық мәnniң экстремалдық мәндердің әсеріне тәуелділігі жоғары болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Салалардағы борыштық ауыртпалық

Банк секторынан тыс мерзімі өткен берешекке байланысты, яғни жеткізушілермен, мердігерлермен, тапсырыс берушілермен, сатып алушылармен және т.б. өзара есеп айырысулар бойынша жағдай өзгерді. 2023 жылғы 1-тоқсанның нәтижелері бойынша экономика бойынша орташа есеппен мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық берешегі бар (22,7%-дан 23,0%-ға дейін)** және мерзімі өткен **кредиторлық берешегі бар (21,9%-дан 21,4%-ға дейін)** кәсіпорындардың үлесі ұлғайды.

Сауда мен тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа барлық салаларда мерзімі өткен дебиторлық берешегі бар кәсіпорындардың үлесі **ұлғайды**. Мерзімі өткен кредиторлық берешегі бар кәсіпорындардың үлесі тек сауда мен құрылыс салаларында ғана **төмендеді**. Мерзімі өткен дебиторлық және кредиторлық берешегі бар кәсіпорындардың ең көп саны тау-кен өндіру өнеркәсібіне тиесілі (тиісінше **26,4%** және **31,3%**).

28-график. Мерзімі өткен дебиторлық берешек (%)




29-график. Мерзімі өткен кредиторлық берешек (%)




# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Еңбекақы мен жұмыспен қамту


30-график. Өндіріс көлемінің өзгерісі<sup>1</sup>, ДИ<sup>2</sup>



31-график. Қызметкерлер санының өзгерісі<sup>3</sup>, ДИ



32-график. Орташа жалақыны төмендеткен кәсіпорындардың үлесі, %



2023 жылғы 1-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібін қоспағанда, барлық салаларда өндіріс көлемінің ұлғаюы байқалды (көрсеткіш іс жүзінде сол деңгейде сақталды). 2023 жылғы 2-тоқсанда өңдеу өнеркәсібінде, сондай-ақ көлік пен қоймада өндіріс көлемінің өсуі күтілуде.

Құрылыс пен саудада жұмыспен қамтылғандар саны артты.

2023 жылғы 1-тоқсанда өңдеу өнеркәсібінде, құрылыста және ауыл шаруашылығында өз қызметкерлерінің жалақысын төмендеткен кәсіпорындар саны артты. 2023 жылғы 2-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібін қоспағанда, барлық салаларда жалақыға байланысты ахуал жақсарады.

<sup>1</sup> Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер

<sup>2</sup> ДИ, диффузиялық индекс, 50 деңгейінен қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің оң (теріс) әсер етуі соншалықты, 50 деңгейі әсер етудің болмағанын білдіреді

\* Графиктерде 2023 жылдың 2-тоқсаны бойынша кәсіпорындардың күтiмi көрсетiлген

<sup>3</sup> Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер (өңдеу өнеркәсібін қоспағанда)

<sup>4</sup> Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер (өңдеу өнеркәсібін және құрылыстын қоспағанда)

- **Бәсекелестіктің** ең жоғары **деңгейі әлі де** саудада сақталуда.
- Кәсіпорындардың көпшілігі бизнесті жүргізуде басты кедергі ретінде **Қазақстан экономикасының жай-күйін** көрсетеді.
- 2023 жылғы 1-тоқсанда теңгенің **Ресей рубліне қатысты** бағамы өзгеруінің теріс әсері жалпы экономика бойынша, барлық саладағы кәсіпорындар үшін **де төмендеді** (ДИ 40,5-ті құрады). Теңгенің **АҚШ долларына қатысты** бағамы өзгеруінің теріс әсері **де төмендеді**, (ДИ көлік пен қоймада сақтауды қоспағанда, **барлық саладағы кәсіпорындар үшін төмендеп**, 38,1 болды).
- Ресей рублі мен АҚШ доллары шетелдік әріптестермен есеп айырысуда қолданылатын негізгі валюта болып қалады. Ресей рублі АҚШ доллары басым болып тұрған тау-кен өндіру өнеркәсібін қоспағанда, барлық салаларда үстем болып тұр.
- 2023 жылғы 1-тоқсанда тау-кен өнеркәсібін қоспағанда (көрсеткіш іс жүзінде сол деңгейде сақталды), барлық салаларда өндіріс **көлемінің** ұлғаюы байқалды. 2023 жылғы 2-тоқсанда өңдеу өнеркәсібінде, сондай-ақ көлік пен қоймада сақтауда өндіріс көлемінің өсуі күтілуде. 2023 жылғы 1-тоқсанда **өндіріс қуаты жүктемесінің** деңгейі барлық қарастырылып отырған салаларда өсті.
- **Өндіріс қуаты жүктемесінің** ең жоғары деңгейі тау-кен өндіру өнеркәсібінде (61,2%).
- 2023 жылғы 1-тоқсанда ауыл шаруашылығын қоспағанда, барлық салаларда **дайын өнімге сұраныс** жағдайының біршама жақсарғаны байқалды. Ауыл шаруашылығындағы сұраныс көрсеткіші теріс аймақта.
- 2023 жылғы 1-тоқсанда **сату рентабельділігі** өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығынан басқа барлық салаларда өсті. Тау-кен өнеркәсібіндегі сатылымның рентабельділігі басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары.
- Мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық берешегі** бар кәсіпорындардың үлесі (22,7%-дан 23,0%-ға дейін) ұлғайды, ал мерзімі өткен **кредиторлық берешегі** бар кәсіпорындардың үлесі төмендеді (21,9%-дан 21,4%-ға дейін).
- 2023 жылғы 1-тоқсанда **шикізат пен материалдар бағасының** өсуінің баяулауы барлық салаларда байқалды. Сонымен қатар, тау-кен өнеркәсібінен басқа барлық салаларда **дайын өнім бағасының** өсуі баяулады.
- 2023 жылғы 2-тоқсанда ауыл шаруашылығы саласындағы дайын өнімнің бағасын қоспағанда, барлық салаларда **шикізат пен материалдар мен дайын өнімге бағаның** өсу қарқыны баяулайды деп күтілуде.